

**2025-2026 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымдардың және
мектептердің (лицейлердің, гимназиялардың) мектепалды
сыныптарының тәрбиеленушілерінің Үлгілік оқу бағдарламасының
мазмұнын меңгеру бойынша мониторингтің бастапқы кезеңінің
нәтижелері туралы ақпарат**

Ағымдағы жылдың қыркүйек айында 2025-2026 оқу жылында мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларын дамыту деңгейінің балалардың жасына сәйкес Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнында айқындалған күтілетін нәтижелерге сәйкестігін анықтауға мүмкіндік беретін бастапқы мониторинг жүргізілді.

Бастапқы мониторинг барысында **1 038 684** тәрбиеленуші қамтылды, оның ішінде **708 548** 2-4 жастағы балалар, **330 136** мектепалды топтағы/сыныптағы балалар, **89,5%** қамтылды (ерте жастағы балалар мониторингпен қамтылмады):

Астана қаласының ерте жастағы балалары мен мектепке дейінгі ұйымдардың кіші тобының тәрбиеленушілері мониторингпен қамтылмаған, өйткені үлгілік бағдарламаның мазмұнын алғаш рет игеруде және оларға бастапқы бақылау жүргізілмейді.

Осылайша, жасына қарай тәрбиеленушілер қамтылды:

- кіші топ (2 жастағы балалар) – 150 575;
- ортаңғы топ (3 жастағы балалар) – 270 235;
- ересек топ (4 жастағы балалар) – 287 738;
- мектепалды топтар (5 жастағы балалар) – 191 043;
- мектепалды сыныптар (5 жастағы балалар) – 139 093.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған балалар мен педагогтердің күтілетін нәтижелердің жетістіктерін бақылау мониторингінің бастапқы кезеңінің нәтижелеріне сәйкес жалпы орташа көрсеткіш келесідей:

– кіші топ (2 жастағы балалар) – біліктер мен дағдылардың жоғары және орташа деңгейі 102 343 тәрбиеленушіні құрады, бұл 68,0%;


– ортаңғы топ (3 жастағы балалар) - 195 758 тәрбиеленушінің біліктер мен дағдылардың жоғары деңгейі, 72,4% ;

– ересек топ (4 жастағы балалар) – біліктер мен дағдылардың жоғары және орташа деңгейі 222 589 тәрбиеленушіні құрады, бұл 77,4% ;

– мектепалды топ, мектеп (лицей, гимназия) сыныбы (5 жастағы балалар) біліктер мен дағдылардың жоғары және орташа деңгейі 255 270 тәрбиеленушіні қамтыды, бұл 77,3% құрайды.

Мониторинг жасына сәйкес тәрбиеленушілердің физикалық, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық және зерттеу, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларының қалыптасу динамикасын бақылауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар кіші топ балалары арасында (2 жас):


Мониторинг критерийлері	Дағдылардың жоғары деңгейі	Дағдылардың орташа деңгейі	Дағдылардың төмен деңгейі
Физикалық қасиеттерді дамыту	48 498	55 946	46 131
	32,2	37,2	30,6
Коммуникативтік дағдыларды дамыту	45 196	56 149	49 231
	30,0	37,3	32,7
Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	43 957	56 732	49 885
	29,2	37,7	33,1
Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	46 346	55 503	48 727
	30,8	36,7	32,4
Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	47 304	56 086	47 186
	31,4	37,2	31,3
Жоғары және төмен дағдылардың нәтижелері қорытындысы	102 343		48 232
	68,0		32,0



Жалпы, бағдарлама мазмұнын игеру көрсеткіштері барлық критерийлер бойынша ішінара қалыптасқан деңгейді анықтады. Сонымен, кіші топта бұл физикалық белсенділік, ашық ойындар, оқушылардың ерте әлеуметтенуі, оларды әлеуметтік-мәдени нормалармен таныстыру балалардың белсенді дамуына ықпал етеді. Бастапқы мониторинг кіші топтардың балаларында дене тәрбиесі дағдылары - 32,2%, әлеуметтік-эмоционалдық - 31,4% дамығанын анықтады.

Кіші жас тобындағы физикалық қасиеттерді дамытуға (32,2%) және әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыруға (31,4%) басымдық береді.

Кіші топ тәрбиеленушілерінің бағдарламалық материалды меңгеру сапасын талдау өңірлер бөлінісінде келесі рейтингтік реттілікті құруға мүмкіндік береді:



Кіші тобы балалары арасында бағдарламаны меңгерудің жоғары деңгейін (2 жас): Батыс Қазақстан (85,4%) , Жамбыл (84,5%) , Қызылорда – (80,8%) облыстары көрсетті.

- 1) балалардың гиперактивтілігімен;
- 2) барлық балалар бірдей дамымайды, бағдарлама мазмұнын игерудің төмен деңгейі жеке жас ерекшеліктерімен байланысты;
- 3) жазғы сауықтыру кезеңінен кейінгі балалардың бейімделу кезеңі.



Ортаңғы топ балалары (3 жас):


Мониторинг критерийлері	Дағдылардың жоғары деңгейі	Дағдылардың орташа деңгейі	Дағдылардың төмен деңгейі
Физикалық қасиеттерді дамыту	93 837	106 516	69 883
	34,7	39,4	25,9
Коммуникативтік дағдыларды дамыту	87 350	106 020	76 866
	32,3	39,2	28,4
Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	88 063	106 642	75 530
	32,6	39,5	27,9
Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	88 566	105 803	75 865
	32,8	39,2	28,1
Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	91 447	104 546	74 242
	33,8	38,7	27,5
Жоғары және орташа дағдылардың нәтижелері қорытындысы	195 758		74 477
	72,4		27,6

Ортаңғы жас тобында тәрбиеленушілер физикалық дамуды (34,7%) және әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды (33,8%) қалыптастыруды қалайды




Ортаңғы топ тәрбиеленушілерінің бағдарламалық материалды меңгеру сапасын талдау өңірлер бөлінісінде келесі рейтингтік реттілікті құруға мүмкіндік береді:

Өңірлер бөлінісінде ортаңғы топ (3 жастағы балалар)
тәрбиеленушілерінің Үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру
деңгейі



Ортаңғы топтағы балалар (3 жастағы балалар) арасында бағдарламаны меңгерудің жоғары деңгейін: Батыс Қазақстан (90,6%), Қызылорда (87,9%), Жамбыл (85,8%) облыстары көрсетті.

Ортаңғы топ тәрбиеленушілерінің Үлгілік оқу
бағдарламасын меңгеру деңгейі



Ересек жастағы балалар арасында (4 жас):

Мониторинг критерийлері	Дағдылардың жоғары деңгейі	Дағдылардың орташа деңгейі	Дағдылардың төмен деңгейі
Физикалық қасиеттерді дамыту	113 144	112 750	61 845
	39,3	39,2	21,5
Коммуникативтік дағдыларды дамыту	103 750	115 757	68 232
	36,1	40,2	23,7
Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	105 086	116 386	66 265
	36,5	40,4	23,0

Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	107 898	114 803	65 037
	37,5	39,9	22,6
Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	108 247	115 125	64 365
	37,6	40,0	22,4
Жоғары және орташа дағдылардың нәтижелері қорытындысы	222 589		65 149
	77,4		22,6



Ересек жаста тәрбиеленушілер физикалық дамуға (39,3%), әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыруға (37,6%), шығармашылық дағдыларды дамытуға, зерттеу қызметіне (37,5%) басымдық береді

Ересек топ тәрбиеленушілерінің бағдарламалық материалды меңгеру сапасын талдау өңірлер бөлінісінде келесі рейтингтік реттілікті құруға мүмкіндік береді:



Ересек топ балалары (4 жастағы балалар) арасында бағдарламаны меңгерудің жоғары деңгейін: Қызылорда (94,0%), Батыс Қазақстан (93,1%), Жамбыл (85,8%), Қостанай (84,9%), Шығыс Қазақстан (81,0%) облыстары көрсетті.



Мектепалды топтардың/ мектептер, лицейлер, гимназиялар сыныптарының балалары арасында (5 жас):

Мониторинг критерийлері	Дағдылардың жоғары деңгейі	Дағдылардың орташа деңгейі	Дағдылардың төмен деңгейі
Физикалық қасиеттерді дамыту	131 696	130 935	67 505
	39,9	39,7	20,4
Коммуникативтік дағдыларды дамыту	117 047	133 331	79 757
	35,5	40,4	24,2
Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	121 938	130 723	77 475
	36,9	39,6	23,5
Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	121 985	132 715	75 436
	36,9	40,2	22,8
Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	125 423	130 558	74 155
	38,0	39,5	22,5
Жоғары және төмен дағдылардың нәтижелері қорытындысы	255 270		74 866
	77,3		22,7


Мектепалды топтағы/сыныптағы тәрбиеленушілердің
критерийлер бөлінісінде Үлгілік оқу бағдарламасының
мазмұнын меңгеру деңгейі



Мектепалды жаста тәрбиеленушілер физикалық дамуға (39,3%), әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыруға (38,0%), танымдық және зияткерлік дағдыларды дамытуға (36,9 %), шығармашылық дағдылар, зерттеу іс-әрекетіне (37,5%) басымдық береді

Мектепалды топ/ сынып тәрбиеленушілерінің бағдарламалық материалды меңгеру сапасын талдау – 77,3 % құрады және өңірлер бөлінісінде келесі рейтингтік реттілікті құруға мүмкіндік береді:


Өңірлер бөлінісінде мектепалдытоп/сынып (5 жас)
тәрбиеленушілерінің Үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру
деңгейі



Мектепалды топтардың, мектептер (лицейлер, гимназиялар) сыныптарының (5 жастағы балалар) балалары арасында бағдарламаны меңгерудің жоғары деңгейін: Қызылорда (93,5%), Батыс Қазақстан (90,1%), Жамбыл (87,2%), Ақмола (85,8%), Қостанай (84,3%) облыстары көрсетті.


Мектепалды сынып оқушылары арасында бағдарламалық материалды игеру деңгейі мектепалды топ тәрбиеленушілеріне қарағанда 3,7 бірлікке төмен. Себебі, мектепалды сыныптар контингенті көп жағдайда мектепке дейінгі ұйымдарға бармаған, отбасында тәрбиеленген және оқытылған балалардан тұрады.

Мектепалды топтар/сыныптар тәрбиеленушілерінің Үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру деңгейі



Сонымен қатар, мектепалды топтардың/сыныптардың балалары арасында біліктер мен дағдыларды дамытуды бастапқы бақылау нәтижелеріне салыстырмалы талдау жүргізілді. 2024-2025 оқу жылының бастапқы мониторингімен салыстырғанда қазіргі көрсеткіш 1,9 бірлікке төмен екендігі байқалды.

Мектепалды топтар/ сыныптардың балалары арасында бастапқы мониторинг нәтижелеріне салыстырмалы талдау жасалды.



Жалпы республика бойынша 775 960 тәрбиеленуші жоғары және орташа нәтиже көрсетті, бұл 74,7% құрады. Сонымен қатар, «Коммуникативтік дағдыларды дамыту» бөлімінде балалардың білімінің төмен пайызы барлық критерийлер бойынша емес екенін атап өткен жөн.

Мониторингтің бастапқы кезеңінің үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру деңгейінің төмендеуі мынадай факторларға байланысты:
1) мектепке дейінгі ұйымдарға бармаған, отбасында тәрбиеде және оқуда болған балалардың үлесін ұлғайту;

2)ҮОБ МДТББ мазмұнына сәйкес мониторинг индикаторларын ұлғайту. Сонымен қатар, критерийлер бойынша бағдарламаның мазмұнын игеру деңгейін талдай отырып, "қалыс қалу" «Коммуникативтік дағдыларды дамыту» екенін атап өткен жөн.

Осы бөлімнің төмен критерийлері бойынша келесідей көрсеткіштер айқындалды:

Кіші топ:

- 2-3 сөзден тұратын сөйлемдерді айтады;
- оқылған таныс өлеңдерінде, шығармаларында сөздер мен сөз тіркестерін айтады

Ортаңғы топ:

- шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдап, қарапайым сұрақтарға жауап береді:

- педагогтің көмегімен шағын тақпақтарды қайталап айтады

Ересек топ:

- сан есімдерді, септіктерде, жекеше және көпше түрде байланыстырып айтады:
 - кітаптардағы суреттерді өз бетінше, басқа балалармен бірге қарайды, көрген суреттері бойынша өз ойларын айтады
 - күнделікті өмірде қолданылатын сөздердің мағынасын түсінеді және оларды дұрыс айтады
 - қарапайым сөйлемдер құрайды, қарапайым сұрақтарға жауап береді.

Мектепалды топ/сынып:

- мазмұнның бірізділігін сақтай отырып, шығарма мазмұнын қайталап айтады;
- дауыс күшін өзгерте отырып, әртүрлі интонацияларды қайталайды;
- тұрмыстық заттардың, жемістердің, көкөністердің, жануарлардың аттарын түсінеді және атайды;
- күнделікті өмірде жиі қолданылатын құстар, адам денесінің бөліктері туралы сөздерді атайды;
- педагогтің үлгісі бойынша ойыншықтарды сипаттайды;
- заттардың белгілерін, санын, әрекеттерін білдіретін сөздерді айтады.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде:

1. Алынған мәліметтер жұмыс шарттары мен әдістерін түзету үшін қолдану;
2. Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдылары деңгейін арттыру бойынша қосымша кешенді шаралар қабылдау. Қажет болса, педагогикалық процеске түзетулер енгізу;
3. «Сөйлеуді дамыту», «Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекетте түзету-дамыту көмегін қажет ететін балалармен жұмысты жетілдіру.
4. Балалардың сөйлеуін дамытуға бағытталған, заманауи педагогикалық технологияларды меңгеру мен жүзеге асыру бойынша жұмысты жалғастыру;
5. Осы бағыт аясында педагогтердің өз білімін жетілдіруге назар аудару;
6. Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері жұмыста Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Балаларды ерте дамыту институты

әзірлеген мектеп жасына дейінгі балалардың мектепке дайындық деңгейін айқындау бойынша әдістемелік ұсынымдарды пайдалану;

7. Балалардың денсаулығын сақтау мен нығайту бойынша жұмысты жалғастыру;

8. Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық белсенділігін, білімге құмарлығын, зейін, есте сақтау қабілетін дамыту ұсынылады.

Бастапқы мониторинг мәліметтеріне сүйене отырып, тәрбиеленушілердің жеке карталары толтырылады, тәрбиелеу-білім беру процесінің сапасын арттыру бойынша жеке жұмыс үшін ұсынымдар әзірленеді.